

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ

Алматы қаласының Білім басқармасы

ҚМҚК «Принтмедиа технологиялар колледжі»



БЕКІТЕМІН:

Колледж директоры

Г.А. Абдуллаева

2026 ж.

Қазақстан Республикасы колледж студенттері арасында республикалық қатысумен өткізілетін «Логотип әзірлеу және оны таныстыру» қалалық кәсіби шеберлік байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы колледж студенттері арасында республикалық қатысумен өткізілетін логотип әзірлеу және оны таныстыру бойынша қалалық кәсіби шеберлік байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Байқау студенттердің шығармашылық әлеуетін, кәсіби дағдыларын және креативті ойлау қабілетін дамыту мақсатында өткізіледі.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы – «Принтмедиа технологиялар колледжі» ҚМҚК. Байқау жыл сайын өткізіледі.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты:

– дизайн және визуалды коммуникациялар саласында дарынды білім алушыларды анықтау және қолдау.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- графикалық дизайн саласындағы кәсіби құзыреттіліктерді дамыту;
- фирмалық стиль әзірлеу дағдыларын қалыптастыру;
- шығармашылық жобаларды таныстыру дағдыларын дамыту;
- креативті ойлау мен инновациялық тәсілді ынталандыру.

3. Қатысушылар

3.1. Байқауға Алматы қаласының және Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріндегі колледж студенттері қатысады.

3.2. Қатысу жеке немесе командалық түрде (2 адамнан аспайды).

3.3. Әр қатысушы (немесе команда) бір ғана жұмыс ұсына алады.

4. Өткізу шарттары мен тәртібі

4.1. Байқау бір кезеңде өткізіледі:

- қатысушылар белгіленген күннен кемінде 5 күн бұрын логотипті, тұжырымдамасын және презентациясын ұйымдастырушылардың электрондық поштасына жібереді.

4.2. Конкурс бағыттары (тақырыптары):

Қатысушылар келесі бағыттардың бірі бойынша логотип әзірлейді:

- **«Полиграфиялық медиа технологиялар колледжінің 50 жылдығы»**
(логотип мерейтойлық өнімдерде қолдануға арналған: құттықтау папкасы, мұқабалар, сувенирлік өнімдер);

- **«Алматы – мүмкіндіктер қаласы»**

(қаланың заманауи келбетін бейнелейтін логотип);

- **«Дизайн және медиа саласындағы болашақ мамандықтар»**

(креативті индустриялардың дамуын көрсететін логотип);

- **«Қазақстан – инновациялар елі»**

(елдің технологиялық дамуын бейнелейтін логотип).

4.3. Конкурс жұмыстары мыналарды қамтуы тиіс:

- логотип (цифрлық форматта);

- идеяның қысқаша сипаттамасы (тұжырымдама);

- презентация (слайдтар).

4.4. Жұмысқа қойылатын талаптар:

- жұмыстың түпнұсқалығы және авторлығы;

- конкурс тақырыбына сәйкестігі;

- графикалық орындалу сапасы;

- векторлық форматтың (AI, CDR, SVG) міндетті болуы;

- файл форматтары: PNG, JPG, PDF (қажет болған жағдайда бастапқы файлдар).

4.5. Өтінімдер 1-қосымшаға сәйкес колледждің ресми сайтына <https://apk5.edu.kz/Конкурс> жіберіледі, ал жұмыстар электрондық түрде электрондық поштаға жіберіледі: apk.5@mail.ru

5. Бағалау критерийлері

5.1. Конкурс жұмыстары 100 балдық жүйе бойынша бағаланады:

№	Критерий	Сипаттамасы	Балл
1	Идеяның креативтілігі мен бірегейлігі	Жаңашылдығы, ерекше шешім	0–20
2	Тақырыпқа сәйкестігі	Логотиптің идеяны қаншалықты ашуы	0–20
3	Композициялық шешім	Тепе-теңдік, үйлесімділік	0–15
4	Графикалық орындалу сапасы	Техникалық деңгей, дәлдік	0–15
5	Түстік шешім	Түстердің үйлесімділігі	0–10
6	Тұжырымдаманы негіздеу	Идеяны түсіндіру сапасы	0–10
7	Презентация сапасы	Құрылымы, көрнекілігі	0–10

Барлығы: 100 балл

6. Қазылар алқасы

6.1. Конкурс жұмыстарын бағалау үшін дизайн, білім беру саласының мамандарынан тұратын қазылар алқасы құрылады.

6.2. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады.

7. Қорытындылау және марапаттау

7.1. Жеңімпаздар қазылар алқасының шешімі негізінде анықталады.

7.2. Жүлдегерлер дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

7.3. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Конкурсқа қатысу осы Ережемен келісуді білдіреді.

8.2. Логотип әзірлеу үшін Adobe Illustrator, CorelDRAW сияқты бағдарламаларды қолдану ұсынылады.

8.3. Композиция, түс және форма принциптерін сақтау ұсынылады.

8.4. Логотип заманауи брендтеу талаптарына сәйкес болуы тиіс.

9. Байланыс

Байланыс үшін:

«Басуға дейінгі процесстер» бөлімі

Тел.: +7 707 775 0188, E-mail: apk.5@mail.ru

**Қазақстан Республикасы колледждерінің білім алушылары арасында
республикалық қатысумен өткізілетін
логотип әзірлеу және оны таныстыру бойынша қалалық кәсіби шеберлік
байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Жұмыс туралы ақпарат	
Қатысушы және оның жетекшісі туралы ақпарат	
Қатысушының Т.А.Ә.	
Колледжі, курсы	
Байланыс телефоны, электрондық поштасы	
Жетекшінің Т.А.Ә., лауазымы	
Байланыс телефоны, электрондық поштасы	
Білім беру ұйымы туралы ақпарат	
Білім беру ұйымының атауы	

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ-ШАҚЫРУ

Сіздерді Қазақстан Республикасы колледждерінің білім алушылары арасында республикалық қатысумен өткізілетін логотип әзірлеу және оны таныстыру бойынша қалалық кәсіби шеберлік байқауына қатысуға шақырамыз. Аталған байқау 2026 жылғы 28 сәуір күні сағат 10:00-де Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 202 мекенжайында өтеді.

Өтінімдер 2026 жылғы 23 сәуірге дейін 1-қосымшаға сәйкес колледждің ресми сайты <https://apk5.edu.kz/Конкурсар/> арқылы қабылданады, ал жұмыстар электрондық түрде apk.5@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

Ұйымдастырушылар:

Сулейжан Айдана Есболқызы – «Басуға дейінгі процесстер» бөлімшесінің меңгерушісі

Карайдарова Зухра Бауыржановна – өндірістік оқыту шебері

Тел.: +7 707 775 0188